**№14 “Шолпан” бөбекжай-бақшасы**

# Мерекеңмен, Анашым!

**(Ертеңгілік)**

**Тәрбиешілер: А.Қайрова**
**Ж.Тәти**

**2023-2024 оқу жылы**

Әжең мен ананды.

**Хор: «Менің анам алтын»**

**Жүргізуші:** Қызғалдақтай жайнап өскен
Біздің топтың ұл-қызы
Әнші де бар, биші де бар,
Шет-шетінен өнерлі.
Бүгін міне, мереке деп,
Нұрланғандай көңілі
Аналарын құттықтауға
Бүгін бірге келеді.

Ортаға тақпақтарын айтуға балаларды шақырамын.

Тақпақтар

**Айжұлдыз:**
Ақ анашым, аппағым,
Сенің жайлы тақпағым
Сенің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де!

**Талшын:**
Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын әжетай,
Сегізінші наурызбен!

**Нұрбейне:** Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі.
Қандай ғажап күлкісі.

**Сезім** : Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,
Тақпақ айтып беремін.

**Алинұр** : Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар!

**Жасмин:**
Жанымызды жайнатқан
Сіздерсіз ғой аналар.
Зор денсаулық мол бақыт
Тілейміз біз балалар.

**Жанболат:**
Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз!

**Нұркелді:**

1. Шарға шығару
2. Туған би
3. Құттықтау
4. Менің анам алтын
5. Тақпақтар
6. Анашым қартайма
7. До-ре-ми
8. 8 наурыз
9. Ана деп ән салам
10. Дискотека
11. Құттықтаймын анашым
12. Вальс
13. Флешмоб
14. Көктем әні

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!
**Аяла:**
Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Ауырмашы ақ әжем!
**Жүргізуші:**
Балалар қазір жылдың қай мезгілі,айтыңдаршы?
Дұрыс айтасыңдар,көктем.
Біз көктем туралы ән білеміз бе?
**«Ән» Көктем келді»**
**Жүргізуші:**
Қош келіпсіз ақ жаулықты аналар!
Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған
Біз алаңсыз балғын шақты балалар.
Балаларымыз аналарына, әжелеріне арнап би билеп береді.
**Би «Дискотека»**
**Жүргізуші:**Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Қуанып біз қаламыз,
Әнмен қарсы аламыз.
Келесі кезекте ,әсем ән : **«Ақ мамам»**

**Жүргізуші:**Осы күнді бар бала
Тағатсыз-ақ күткенді,
Сыйлықтарын сіздерге
Сыйлайтұғын сәт келді..
Ал енді балалар аналарымызға арнаған сыйлықтарымызды табыс етейік.
**МАРАПАТТАУ!!!!!**
**Жүргізуші:**Аналар, қалқып бақыт аралында,
Жайым мұң қонбасын жанарына.
Осымен ертеңгілігімізді аяқтайық,
Гүл бітсін бәріңіздің қадамына.
Осымен бүгінгі ертеңгілігіміз аяқталды. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын!